

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 31 шілдедегі № 287 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 11 тамызда № 4187 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 30 қазандағы № 412 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданы әкімдігінің 30.10.2017 № 412 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабының 2-тармағына, "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6-бабының 4-тармағының 8-1) тармақшасына және "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27 бабына сәйкес, Сайрам ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері бекітілсін.

2. Сайрам ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 5 шілдедегі № 283 "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде 2016 жылғы 2 тамызда № 3815 болып тіркелген, 2016 жылғы 12 тамыздағы "Мәртөбе" газетінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. "Сайрам ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны Сайрам ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялануын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Республикалық құқықтық ақпарат орталығына жіберуін;

2) осы қаулыны Сайрам ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М.Оразалиевке жүктелсін.

Аудан әкімі

С. Сапарбаев

Сайрам ауданы әкімдігінің
2017 жылғы 31 шілдедегі
№ 287 қаулысына қосымша

Аудан бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері

| № | Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының түрі | Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарындағы тәрбиеленушілердің саны | | Мектепке дейінгі ұйымдардағы (меншік нысанына қарамай) жан басына шаққандағы бір айға қаржыландыру мөлшері (теңге) | Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы ата-аналардың күніне ақы төлеу мөлшері (теңге) | |
|---|--|---|------|--|--|--|
| | | Мемлекеттік | Жеке | | Күніне бір баланың тамағына шығыны, 3 жасқа дейін, теңге (көп емес) | Күніне бір баланың тамағына шығыны, 3 жастан 7 жасқа дейін, теңге (көп емес) |
| 1 | Балабақша, бөбекжай | 760 | 6484 | 26555,1 | 326,9 | 410,9 |
| 2 | Мектепке дейінгі шағын орталық | 551 | 0 | 9927,0 | 326,9 | 410,9 |

Ескертпе: 1 күніне бір балаға жас ерекшелігіне қарай шығын. Нақты жұмыс күніне есептелген.